

## Жоспар

КІРІСПЕ.....	3
1. МЕРДІГЕРЛІК ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
1.1 Мердігерлік шарттың түсінігі, пәні, нысандары.....	5
1.2 Мердігерлік шарттың тараптары, құқықтары мен міндеттері.....	10
2. ТҰРМЫСТЫҚ МЕРДІГЕРЛІК ШАРТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
2.1 Тұрмыстық мердігерлік шарттың түсінігі, пәні, нысандары.....	18
2.2 Тұрмыстық мердігерлік шарттың құқықтары мен міндеттері.....	20
2.3 Тұрмыстық мердігерлік шарттың бұзу оның туындыларының жауапкершілігі.....	25
ҚОРЫТЫНДЫ.....	27
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	30

## КІРІСПЕ

Курстық жұмыстың өзектілігі Тұрмыстық мердігерлік шарты ҚР – ң Азаматтық кодексімен бекітілген мердігерлік шарттың бір түрі ретінде қарастырылады.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарт мердігердің тұрғындарға қызмет көрсету аясындағы қатынастарды реттейді. Ол арқылы азаматтар бөлшектеп сатып алу-сату шарттарды жасасып келене алмайтын заттарға келене алады, сол сияқты тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша олардың нәтижесі зат болып келмейтін жұмыстар орындалады.

Тұрмыстық мердігерлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 640-650 баптарымен реттеледі. Сонымен бірге Қазақ КСР “Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы” заңы қолданылады.

Тұрмыстық мердігерлік қатынастарының белгілі бөлігі 1996 жылғы 20 қыркүйектегі №977 Баға және антимонопольлық саясаты бойынша, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетінің Қаулысымен бекітілген тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету Ережесімен реттеледі.

Тұрмыстық мердігерлік шарты ерекшелігінің үлкен бөлігі оның тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда болатын арнайы мақсатының салдарынан болып келеді. Бөлшектеп сатып алу сатуда сатып алушы қалай қорғалса, тұрмыстық мердігерлік қатынастарында тұтынушы сол шекте қорғалады. Тұтынушылардың құқықтық жағдайын анықтайтын бірқатар нормалар Азаматтық Кодекстің өзінде де бар.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша, тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған белгілі-бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарттары ауызша нығанда да жасалуы мүмкін. Және жетон, талон, қассалық түбіртек және тағы басқаларды беріптен расталуы мүмкін. Барлық жағдайда да затты дайындауға тапсырыс, тұтынушының немесе мердігердің эскизі бойынша немесе үлгілері бойынша қабылданады. Оның қолымен (қол қырымен) расталатын тұтынушының қалауы бойынша және осы туралы бір уақыттылы мердігермен келісу нәтижесінде үлгілерден және (немесе) жұмыс орындау (зат жасау) технологияларынан ауытқу болуы мүмкін. Бұндай ауытқулар тұтынушының

өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне және оның мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келмеуі тиіс.

Тапсырыс ресімделген құжат немесе шарттың талабы тұтынушының құқығын шектейтін болса, ол Қазақ ҚСР-ң “Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы” Заңына сәйкес жарамсыз деп есептеледі. Тұрмыстық мердігерлік шартында жұмыстың бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді, бірақ ол мердігер жариялаған прейскурантта көрсетілгеннен жоғары болмауы керек.

Тапсырысты қабылдау жүргізілетін кәсіпорынның белмесінде тұтынушыға керекті ақпарат көзге көрінетін жерде орналасуға тиіс. Оның тізімі Қазақстан Республикасының тұрындарға тұрмыстық қызмет көрсету Ережесінің 5-пунктінде берілген. Жекелеп алғанда онда жұмыс түрін орындауға лицензия, тұтынушыға ұсынылатын мердігердің және өзге бұйымдардың (фур-нигураның) үлгілері, типтік шарттардың түбіртектердің, жетондардың, қолжазғардың, талондар және мердігер тапсырысты қабылдағанын және тұтынушы жұмыс үшін төлегенін растайтын өзге де құжаттардың үлгілері көрсетілуі тиіс.

Қазіргі кезде тұрмыстық мердігерлік шарты тақырыбына өз ана тілімізде зерттелген еңбектер өте аз, сондықтан осы аталған тақырыпты тандарына тура келді.

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының материалынан орындалатын болса, түбіртекте немесе шарт жасасу кезінде мердігер тапсырысшыға беретін өзге де құжатта материалдың дәл атауы көлемі (саны), сипаты және тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуге тиіс.

Курстық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Тұрмыстық мердігерлік шарт тақырыбын толық зерттеу барысында тақырыптың мәнін ашу.

Берілген осы жұмыс мақсатына байланысты мынадай міндеттер қарастырылды:

- Тұрмыстық мердігерлік шарты туралы жалпы ережелерді;
- Тұрмыстық мердігерлік шартының элементтерін;
- Тұрмыстық мердігерлік шартының нысанын т.б. зерттеу.

Курстық жұмыстың құрылымы. Кіріспеден, екі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1. МЕРДІГЕРЛІК ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 1.1 Мердігерлік шарттың түсінігі, мәні, нысандары

Мердігерлік шарттың туындайтын құқықтық қатынастар жұмыс орындау бойынша міндеттемелерге жатады. Солардың көмегімен, белгілі бір тұлғаның (тұлғалардың) жұмысының нәтижесі тиісті ақшалай құндылыққа айырбасталады.

Экономикалық тұрғыда мердігерлік бұл қызмет, оның нәтижесі заттай мінезде болып келеді (белгілі мүлік пайда болады). Одан басқа, орындалатын жұмыстардың өзге де (зат емес) нәтижелері болуы мүмкін бірақ бұл мердігерлік қатынастарының мәнісін жоюға шығармайды, себебі оларда қол жететін нәтижемен қатар белгілі қызметтің өзі де (оның барысы) маңызды болып келеді. Осы қызметті негізінен (жалпылама) оңды (пайдалы) қызмет деп мінездеуге болады, сондықтан мердігерлік шарттарында тараптардың өзге қатынастарымен бірге жүзеге асырылатын қызмет те реттеледі.

Жұмыс атқаратын тұлғаның қызметі жалпы түрде реттеледі, өйткені ол тұлға мердігерлік шарттың жағдайларына сәйкес жұмыстың толық орындалуына жауапты болады. Осымен қатар, құқықтық реттеу, егер ол заттық сипатта болса, тұлғаның қызметінің нәтижесінде оны беру бойынша міндетті де қамтиды. Сондықтан мердігерлік шарты бұрын қарастырылған шарттардан көрсетілген қызметті реттеу бойынша ережелерімен елеулі ерекшеленсе де, жасалған мүліктің өзі және оны беру шарттары туралы айтсақ, онда мердігерлік шартының тараптардың құқықтары мен міндеттері бойынша сатып алу-сату шартымен ортақтығы болып келетінін таңуымыз мүмкін. Азаматтық құқықтық әдебиеттерде еңбек және мердігерлік қатынастардың жақындығы жөнінде айтылады. Бірақ негізінен мердігерлік қатынастарды сатып алу-сату және еңбек қатынастарынан айыруға болады. айырмашылықтары олардың әрқайсыларының қатысушыларының құқықтары және міндеттері жүзеге асырылатын шарттардың мазмұнынан айқын көрінеді.

Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндетті, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың базасын төлеуге) міндетті. Мердігерлік шарты консенсуалды ақылы және өзара жұмысты орындау үшін белгілі уақыт керек, сондықтан мердігерлік шарт бойынша шарт жасалу кезі және оның орындалуы сәйкес келмеуі мүмкін. Оз кезегінде бұл оларға тәуелділігі мердігердің жұмыс орындары қабылалатын мерзімдерге әсер етеді. Кейбір мердігерлік шарттардың орындалуы және жасалуы керек уақытта болуы мүмкін, мысалы, суретке түсіру шарттары фотосуреттер дайындаумен байланысты мердігерліктің - мерзімдерінің ерекшелігі олардың барынша қысқалығы

болады және осы мердігерлік жасайтын шарттың тапсырысшының белгіленуші негізінде болуы мүмкін.

Мердігерлікке арналған нормалар, көбінесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (616-683-б) ұстанылып келеді. Одан басқа Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет ету, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетінің 22.09.1996ж. №94-қаулысымен бекітілген, құнды және антимонопольды саясат туралы тәртіптерінде қолданылады Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін Ерекше бөлімін қабылданғаннан кейін құрылыс аясында мердігерлік қатынастарда бұрын қолданған, Қазақстан Республикасының Құрылыс министрлігінің 3 наурыз, 1994 ж. №5-5-өкімімен бекітілген, Қазақстан Республикасының күрделі құрылыста мердігерлік шарттарының уақытша тәртіптері, Қазақстан Республикасының Құрылыс министрлігінің 30.06.1994ж. №7-5-Қаулысымен бекітілген, бас мердігерлердің ұйымдарының ірсалқы мердігерлік қатынастарымен өзара қатынастарының ережелері күші жойды[3].

Азаматтық заңнамада мердігерлік қатынастардың түрлерінің ең маңызды және ерекше белгілері барлары реттелген. Мердігерлік шартының түрлі сипаттамасына мыналар кіреді:

- 1) тұрмыстық мердігерлік;
- 2) құрылыс мердігерлігі;
- 3) жобалау немесе іздестіру жұмыстарына мердігерлік;

4) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік. Оларға Азаматтық кодекстегі мердігерлік қатынастарды реттеуге арналған тарауында жеке параграфтар арналған Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің бұл түрлер туралы ережелерінде өзгеше белгіленбесе мердігерлік туралы жалпы ережелер де (нормалар) қолданылады.

#### **Мердігерлік шартының элементтері**

Мердігерлік шартының тараптары болып мердігер және тапсырысшы болып табылады.

Тапсырысшы - екінші тарапқа мердігерге шарт бойынша келісілген белгілі-бір жұмысты орындауға тапсыратын тұлға тапсырысшы ретінде азаматтық-құқықтық қатынастарының кез (келген тұлғасы бола алады. Мердігерлік шарттарда мемлекеттің қатысу ерекшеліктері жеке заң актілерімен белгіленген, мысалы, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің 18.01.1998ж. №123-бұйрығымен бекітілген, жол жұмыстары жағындағы конкурстарды (мердігерлік саудалар) ұйымдастыру және өткізу тәртібінің ережелері [4].

Мердігер — шарт бойынша белгілі жұмысты орындауға міндеттенетін тұлға, көбінесе кәсіпкерлік қызметінің субъектісі, жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер, коммерциялық заңды тұлға. Бір ретті (жүйелі емес) негізде мердігерлік жұмысты кез келген әрекет қабілеттілігі бар жеке тұлға атқара алады. Кейбір жағдайларда, Лицензиялау туралы "17.04.1995ж. Қазақстан

Республикасының заңына [6] сәйкес, (содан кейінгі өзгерістер мен және толықтырулармен) мердігерлердің қызметі лицензиялануы тиіс. Мысалы, жобалау-іздістелу, құрылыс-монтаждық жұмыстары ж.б. лицензиялануы керек.

Кейбір жұмыстарды орындау үшін арнайы дағды, дәрежелі мамандық қажет. Сондықтан мердігер, мердігерлік шартты жалпы жасап, шартты орындауға басқа тұлғаларды тартуға құқылы. Бұл мердігер болып заңды да және жеке де тұлғалар қатысатын мердігерлік шарттарында мүмкін.

Бүкіл жұмыстың мөлшерін орындауға алғашқы шарт жасаған және басқа тұлғаларды тартқан тұлға бас мердігер деп аталады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 619-б. 1-тармағы). Тартылған тұлға (тұлғалар) қосалқы мердігер болып табылады. Алғашқы мердігер оның алдында тапсырысшы болады. Жалпы тәртіп бойынша қосалқы мердігерлік шартты жасауға тапсырысшысының келісімінің керекі жоқ. Бас мердігер тапсырысшысының алдында мердігерлік шартының толығынан орындалуына жауапты болады.

Бас мердігердің келісімімен, тапсырысшы жекелеген жұмыстарды орындауға үшінші тұлғалармен шарт жасасуға құқылы. Мердігердің келісімі барлық жұмыс орындайтын тұлғалардың іс әрекеттерін үйлестіру қажет болғасын талап етіледі. Болмаса бас мердігердің құқықтары мен мүдделері тікелей немесе жанға зиян шегуі мүмкін. Алғашқы мердігер және үшінші тұлға тапсырысшысының алдында іс жүзінде ортақ (немесе үлесті) борышкерлер болып келеді, себебі олардың жасаған барлық әрекеттеріне (орындаған жұмыстарына) жұмыстың ақырғы нәтижесі де байланысты болады. Құқықтық мағынада әрине, олар бөлек-бөлек байланысты (тәуелді) емес құқықтық қатынастың субъектілері, өйткені олардың әрқайсышымен бөлек.

Тапсырысшы ең басында бірнеше тұлғалармен бір шарт жасасуы мүмкін, осы жағдайда тұлғалардың көпшілігі орын алға бір міндеттемелік құқықтық қатынас пайда болады. Жоғары сипатталған және осы жағдайлардың кейбір айырмашылықтары орын алады. Бір мердігерлік шартын жасаудың себебі болып міндеттеме затының бөлінбейтіндігі келуі мүмкін (ҚР АҚ 287-бабының 1-тармағы), сондықтан мердігерлік, кәсіпкерлік қызметімен байланысты болуы себебінен бірнеше борышкер тапсырысшысының алдында ортақтасқан борышкерлер болып келе алады. (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 287-бабы, 2-тармағы).

Бірнеше мердігерлер өзара қосымша (акцессорлық) келісімдер жасауы мүмкін және олардың мәні де төмен емес, өйткені оларсыз жұмыстарды орындау тәртібінде түсінспеушіліктер пайда болуы мүмкін. Басқа жағынан, акцессорлық (қосымша) келісімдер, олар аталғандай мәселелерді шешуге кемсітесетінше қарамастан, өзге тұрғыдағы мәселелердің пайда болуына әкелуі мүмкін. Ю.Г.Баскин мынадай мысал келтіреді: Төрелік сот тәжірибесінде үш жеке орындаушы тапсырысшы үшін ортақ төлем ақыны алып

бір жұмысты орындауға келіскен соң пайда болған дау орын алды. Алғашқы (негізгі) шартты жасасқан соң мердігерлер алынатын ақынны өзара бөлуге байланысты келісім жасасқан болатын. Көп кешікпей, тапсырысшы мердігерлердің біреуінің қызметінен бас тартқан бірақ сол мердігер басқа мердігерлерден соманың 35 пайызын құрайтын өз үлесін беруді талап еткен. Бұны ол ақынны бөлу туралы мердігерлердің өзара келісіміне сүйеніп жасаған және шарт бойынша төлем ақынны бөлу туралы келісімде сол шарттың біреуге қатысты тоқтатудың салдары қарастырылмағанға сүйенген.

Келтірген мысалды талдай отырып бұндай талаптарды, олар ақынны бөлу туралы акцессорлық келісімге негізделген соң негізгі шарт тиісті бөлігінде тоқтатылғасын негізді деп тануға болады. Қосымша мердігерлер өзара келісімдермен тапсырысшының құқықтық жағдайын өзгерте ала алмайтыны туралы қорытынды жасай аламыз.

**Мердігерлік шартының нысанасы** - бұл мердігер мен орынған жұмыстың нәтижесі. Мердігерліктің нәтижесі әрқашан олармен жұмыс жүргізлетін белгілі заттармен, материалдармен байланысты, оларда өзінің бейнеленуін табады.

Мысалы, бұл мүліктің құнын көбейтетін күрделі жөндеу, тек заттың тиісті калін қалпына келтіретін жылды жөндеу болуы мүмкін. Сол сияқты кейбір өзге жұмыстар да мысалы, кегалдандарды кико, киімдерді химиялық тазалау, мүліктің тиісті күйін қалыпқа келтіруге және оны күтім ұстауға бағытталған.

Мердігерлік жұмыстар кезінде мердігердің қызметінің өзі де реттелінеді. Кейбір жағдайларда мердігер мердігерлік жұмыстардың өзі орындауға міндеттенеді. Тапсырысшы жұмыстың жүргізілуін бақылай алады, демек оларды орындауға қойылатын белгілі талаптар да бар. Бақылау жасалмаса мердігер жұмысты орындау технологиясынан ауытқып кетуі, материалдарды арзанға ауыстыруы мүмкін және т.б. бұзушылықтарға жол беруі мүмкін. Мердігер бұзушылықтарының нәтижесі көрінбеуі де мүмкін, кейде олар оларға қатысты наразылық ұсыну мерзімдерінің негінде анықталмауы мүмкін. Мердігердің қызметінің өзі реттелуінің растайтын келтіргеннен өзге де мысалдарды келтіруге болады. Жалпы аталған қызметтік реттелуі жұмыстың соңғы нәтижесіне де өз әсерін тигізетіні түсінікті [7].

Мердігер пайдаланып жатқан жабдықтардың тиісті күйінде (түзеу) болуын қамтамасыз етуге міндетті. Ол өзі жұмысты ұйымдастырады және тапсырысшының оның күзделікті шаруашылық қызметіне кірісуіне құқығы жоқ. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер үшінші тұлғалар құқықтарының ауыртпалығы жоқ материалдар мен құралдарды беруге міндетті.

Кейбір жағдайларда, мердігер жұмысты тапсырысшының материалдарымен де орындайды. Сондықтан ол тапсырысшы берген материалдарды ұқыпты және есеппен пайдалануына міндетті. Сонымен қатар, мердігер оларды дұрыс пайдалану үшін жауапты болады. Жұмыс аяқталғаннан кейін мердігер тапсырысшыға жұмсалған материалдар туралы

есеп беруге міндетті. Егер материалдардың қалдықтары болса, мердігер оларды тапсырысшыға беруге міндетті. Мердігер тапсырысшының келісімімен, қалған пайдаланылмаған материалдың құнына сәйкес жұмыстың бағасын кемітіп, сол материалды өзінде қалдыруға құқылы.

Материалдарды тапсырысшы берген болса, мердігер сол материалдарды сапасына қарай қабылдап алуға міндетті. Мердігер тапсырысшы берген жабдықтарды, техникалық құжаттарды және өңдеуге берілген заттың өзінде қабылдап (бағачауға) алуға жауапты болады. Тапсырысшымен берген нұсқауларды және тағы да басқа жұмыстың орындау жағдайларын, мердігер өзінің кәсіби тәжірибесіне байланысты бағалайды.

Мердігер:

1) тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өңдеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;

2) оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқаулармен орындаудан тапсырысшы үшін болуы екітмал қолайсыз салдарлар;

3) орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар аяқталған жағдайда тапсырысшыға дереу ескертіп, одан нұсқау алғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға міндетті.

Осындай мән-жайлар туралы тапсырысшыға ескертпеген, не ескертуге жауап алу үшін қисынды мерзімнің аяқталуын күтпестен немесе жұмысты тоқтата тұру туралы тапсырысшының уақытышы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған мердігердің тапсырысшы оған тиісті тадаптар қойған кезде аталған мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ (ҚР АҚ 628-бабы 2-тармағы). Осы норманың мағынасы бойынша тапсырысшы мердігердің хабарлауына байланысты жауапты қисынды мерзімнің ішінде беруі тиіс.

Егер мердігер белгіленген талаптарды сақтамай жұмысты тапсырысшының берген сапасыз материалдарынан орындаса, ол тек материалдардың кемшіліктерін тиісті қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған ретте ғана жауапкершіліктен босатылуы мүмкін. Яғни, тапсырысшы берген материалдардың сапасын тиісті бағаламауда мердігердің кінәсі болуы керек. Осыған байланысты, жұмыс мердігердің материалынан орындалса, мердігерлік шартында тапсырысшының кәсіпшілігі жәбірленбейді, себебі материалдарды қамтамасыз еткен мердігер олардың сапасы үшін кінәсі барлығы немесе жоқтығына қарамастан жауапты болады.

Мердігер тапсырысшы берген мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті және мердігерлік шартты орындауға байланысты мердігердің келісіміне өткен заттардың тапсырысшы берген материалдардың өрте мүліктің жабдықтардың сақталмағаны үшін мердігер жауапты болады. Бұл жауапкершілік мердігерлік шартының орындауына арналған мүлікке ғана емес мердігердің келісіміне түскен басқа да мүлікке де қатысты болады. Мысал калып мердігерге (оның жұмысшыларына) тапсыру үшін белгілі берілген



бөлшектерді, жөндеу кезінде оны алып кету қажеттілігі болмаған жиназды және т.б. осындай мүлкілі айтуға болады. Осындай мүлкіктің сақталуын қамтамасыз етудің өлшемі болып, әдетте орын алатын мәнішк кәсіпнің өзінің шаруашылық ұйымдылығы келеді, бірақ жұмыстарды орындау үшін арналған жабдықтар мен материалдар туралы айтатын болсақ, онда бұл жағдайда мердігердің кәсіби субъект ретінде қараушылық дәрежесі жоғары болуы керек екенін танитымыз. Көз көлген жағдайда, егер мүлкі сақтауды қамтамасыз ететін барлық шараларды қолданбаса, мердігер кінәлі болып табылады.

### **1.2 Мердігерлік шарттың тараптары, құзықтары мен міндеттері**

Мердігер шартта келісілген жұмысты өзінің төуекелімен орындауға міндетті. Яғни мердігердің мойнында ол кәсіби субъект болған соң, оның жұмысты орындамағандығына байланысты қрлайсыз салдар болып келеді. Мердігердің осы міндетінің мазмұны тапсырысшының орын алған заңсыз мінез құлығы ескеріліп тиісті дәрежеде өзгертілуі мүмкін. Оған жұмысты орындамағаны үшін немесе дұрыс орындамағаны үшін мердігерді жауапкершіліктен босататын жағдайлар да әсер етеді.

Мердігер жұмысты өз материалдарымен, күштерімен және құралдарымен орындауға міндетті. Егер материал онымен берілсе, ол тапсырысшының алдында материалдардың сатушысы болып табылады және олардың тиісті сапасы үшін жауапты болады. Жұмыстың өзі тапсырысшының тапсырмасы бойынша орындалады және оған бәйкес болуы керек, яғни ол да сапалы орындалуы керек. Мердігерлік шарт бойынша орындалатын жұмыс заттарды сериалдық жасауға жатқызылмайды, сондықтан оның тиісті орындауының негізгі белгісі ретінде тапсырысшының нұсқаулары болып табылады. Мердігер мемлекеттік стандарттардың аясында жасау технологиясының тәртіптерін сақтауға және нормативті-техникалық құжаттарда көзделген талаптарды сақтауға міндетті. Осындай талаптар бірінші кезекте кәсіпкер ретінде жұмыс жасайтын мердігерлерге қолданылады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 632-Б, 2-тармақ), бірақ кәсіпкер емес мердігердің де жұмыс орындау кезінде міндетті қойылған талаптарынан шегінуіне құқығы жоқ, егер міндетті талаптарды орындамаса оның қызметіне тиім салынуы тиіс. Бұл жаңа заттарды жасау мен байланысты емес жұмыстарға да қатысты [8].

Егер жұмыстың сапасына қойылатын талаптар шартта белгіленбесе немесе толық болмай пәкіса, онда басшылыққа ұқсас жұмыстарға қойылатын талаптар негіз ретінде алынады. Мердігер белгіленген міндетті талаптармен салыстырғанда, сапалы қойылатын неғұрлым жоғары талаптарға сай келетін жұмысты орындау міндетін шарт бойынша өзіне алуы мүмкін.

Мердігер пайдаланып жатқан жабдықтардың тиісті күнінде (түзеу) болуын қамтамасыз етуге міндетті. Ол өзі жұмысты ұйымдастырады және тапсырысшының оның күнделікті шаруашылық қызметіне кірісуіне құқығы жоқ. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер үшінші тұлғалар

құқықтарының ауыртпалығы жоқ материалдар мен құралдарды беруге міндетті.

Кейбір жағдайларда, мердігер жұмысты тапсырысшының материалдарымен де орындайды. Сондықтан ол тапсырысшы берген материалдарды қыпты және есеппен пайдалануына міндетті. Сонымен қатар, мердігер оларды дұрыс пайдалану үшін жауапты болады. Жұмыс аяқталғаннан кейін мердігер тапсырысшыға жұмсалған материалдар туралы есеп беруге міндетті. Егер материалдардың қалдықтары болса, мердігер оларды тапсырысшыға беруге міндетті. Мердігер тапсырысшының келісімімен, қалған пайдаланылмаған материалдың құнына сәйкес жұмыстың бағасын кемітіп сол материалды өзінде қалдыруға құқығы.

Материалдарды тапсырысшы берген болса, мердігер сол материалдарды сапасына қарай қабылдап алуға міндетті. Мердігер тапсырысшы берген жабдықтарды, техникалық құжаттарды және өңдеуге берілген заттың өзінде қабылдап (бағалауға) алуға жауапты болады. Тапсырысшымен берген нұсқауларды және тағы да басқа жұмыстың орындау жағдайларын, мердігер өзінің кәсіби тәжірибесіне байланысты бағалайды.

Мердігер:

1) тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өңдеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;

2) оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқаулармен орындаудан тапсырысшы үшін болуы ықтимал қолайсыз салдарлар;

3) орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар аяқталған жағдайда тапсырысшыға дереу ескертіп, одан нұсқау алғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға міндетті.

Осындай мән-жайлар туралы тапсырысшыға ескертпеген, не ескертуге жауап алу үшін қисынды мерзімнің аяқталуын күтпестен немесе жұмысты тоқтата тұру туралы тапсырысшының уақытылы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған мердігердің тапсырысшы оған тиісті талаптар қойған кезде аталған мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ (ҚР АҚ 628 Бабы 2 тармағы). Осы норманың мағынасы бойынша тапсырысшы мердігердің хабарлауына байланысты жауапты қисынды мерзімнің ішінде беруі тиіс.

Егер мердігер белгіленген талаптарды сақтамай жұмысты тапсырысшының берген сапасыз материалдардан орындаса, ол тек материалдардың кемшіліктерін тиісті қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған ретте ғана жауапкершіліктен босатылуы мүмкін. Яғни, тапсырысшы берген материалдардың сапасын тиісті бағаламауда мердігердің кінәсі болуы керек. Осыған байланысты, жұмыс мердігердің материалынан орындалса, мердігерлік шартында тапсырысшының кәліпдігі көбірек болады, себебі материалдарды қалтамасыз еткен мердігер олардың сапасы үшін кінәсі барлығы немесе жоқтығына қарамастан жауапты болады.

Мердігер тапсырысшы берген мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті және мердігерлік шартты орындауға байланысты мердігердің иелігіне өткен заттардың тапсырысшы берген материалдардың өзге мүліктің жабдықтардың сақталмағаны үшін мердігер жауапты болады. Бұл жауапкершілік мердігерлік шартының орындауына арналған мүлікке ғана емес мердігердің иелігіне түскен басқа да мүлікке де қатысты болады. Мысал кылып мердігерге (оның жұмысшыларына) тынығу үшін бөлініп берілген бөлмелерді, жөндеу кезінде оны алып кету қажеттілігі болмаған жиһазды және т.б. осындай мүлікті айтуға болады. Осындай мүліктің сақталуын қамтамасыз етудің өлшемі болып, әдетте орын алатын меншік иесінің өзінің шаруашылық ұқыптылығы келеді, бірақ жұмыстарды орындау үшін арналған жабдықтар мен материалдар туралы айтатын болсақ, онда бұл жағдайда мердігердің кәсіби субъект ретінде қараушылық дәрежесі жоғары болуы керек екенін танитыз. Кез-келген жағдайда, егер мүлік сақтауды қамтамасыз ететін барлық шараларды қолданбаса, мердігер кінәлі болып табылады.

Мердігерде үнемдеуге құқығы бар (ҚР АҚ 622-б). Бұған қатысты норма заңнамада және бұрын ҚКСР АҚ-сында ол болмаған еді. Оны кірістіру мердігердің тынымды шаруашылық жүргізуін қолдайды, себебі онда оның қолданылуына байланысты үнемдеуге тікелей мүліктік мүддесі пайда болады. Үнемдеу материалдардың жұмсалуды азайтуда орындалатын жұмыстың өзінің құнын азайтуда болып келеді. Үнемдеу әдеттегіге қарағанда шығындарды азайтатын жаңа технологияларды енгізетін мердігердің жоғары дәрежелі кәсіпқойлығының салдарынан болады. Мердігердің нақты шығыны бағаны белгілеу (сметаны жасау) кезінде есептелгеннен кем болып шыққан жағдайда, егер тапсырысшы мердігер алған үнем орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдей алмаса, мердігер шартта (сметада) көзделген баға бойынша жұмысқа ақы алу құқығын сақтайды [8].

Мердігерлік шартта мердігер алған үнемді тараптар арасында бөлу көзделуі мүмкін (ҚР АҚ 622-б. 2-тармақ). Осы жағдайда, тапсырысшымен шарт бойынша төленетін баға азаяды. Егер тапсырысшы жағынан үнемдеуге көмектесуі орын алмаса бұл норманы қолдану ақыл ойға сыймайтын болып келеді. Басқа жағынан, нарықтық экономика жағдайында мердігердің қызметін пайдалану үшін, оның тұрақты іскерлік атағы пайда болу үшін, үнемдеу туралы норманы қолдану қосымша ынталандыру болуы мүмкін.

Мердігер тапсырысшыға жұмыстың нәтижесімен бірге, шарттың нысанасын пайдалану немесе өзгеше іске асыру үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті. Осы міндетті қарастыратын нормада Азаматтық кодексте жаңа болып келеді. Мердігердің осы міндеті тәжі шартты да көрсетілуі тиіс. Кейбір жағдайларда, осы жұмыстың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсаттарда пайдалану тиісті ақпаратсыз мүмкін болмаса, онда сондай сипаттағы ақпарат мердігердің осы жөніндегі міндеті шартта бекітілмей-ақ берілуге тиіс болады. (ҚР АҚ 637-б.). Осындай ақпараттарда белгілі технологиялық схемалар, нұсқаулар, түсініктемелер және т.б. жатады. Жалпы мердігердің ақпарат беру бойынша міндеті мердігерлік нәтижесінің

ерекшелігіне, жасалған бұйым арнайы күтімді талап ететініне және т.б. себептерге байланысты болып келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 638-бабы әрбір тарапқа қарсы тараптың оның ақпаратпен азаматтық құқықтардың мүлкітік объектісімен сияқты иеленуіне байланысты мүдделердің (құқықтарының) қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Бір тарап шарт бойынша өзінің міндеттемесін атқарудың арқасында басқа тараптан жаңа техникалық шешімдер мен білімдер туралы ақпарат алса, сол ақпаратты үшінші тұлғаларға өзге (қарсы) тараптың келісімінсіз бере алмайды (бұл ақпараттың құрамына ноу-хауды қосқанда өнеркәсіптік меншіктің барлық түрлері туралы ақпарат кіре алады). Мердігерлік шарты бойынша жалпы тәртібіне құқықтық қорғауы болмайтын ақпарат және де тараптардың біреуінің коммерциялық құпиясы болып келетін ақпарат та қорғалады. Осындай ақпаратты (барлық түрлерін) жарияламау міндеті тараптар оны шартта бекіткеніне, бекітпегеніне байланысты болып келеді, бірақ ақпараттарды пайдалану тараптары мен тәртібі тараптардың келісімімен анықталады (ҚР АҚ 638 бап). Мұндай ақпаратты пайдаланудың тәртібі мен талаптары тараптардың келісімімен белгіленеді.

Мердігер жұмысты атқарған соң, оған тапсырысшы шартты орындау үшін берген құралдарды қайтаруға міндетті. Сол сияқты тапсырысшы мердігер жұмысты орындауға кіріспегені немесе тым бағу орындағанына немесе орындалған жұмыста елеулі және жойылуы мүмкін емес кемшіліктері болғаны себебінен шартты бұзса (одан бас тартса), онда мердігер тапсырысшымен берілген материалдарды, жабдықтарды өңдеу үшін берілген затты немесе өзге мүлкікті қайтаруға міндетті. Мүлік тапсырысшы көрсеткен тұлғасына қайтарылуы мүмкін. Егер мүлкікті қайтарып беру мүмкіндігі жоқ болса, мердігер материалдардың құрал-жабдықтарды және тапсырысшыдан алынған басқа мүлкіктің бәжасын қайтаруға міндетті (ҚР АҚ 639 бабы).

Тапсырысшыға мердігерге жәрдемдесу міндеттері жүктеледі. Бұл тапсырысшы мердігермен бірге белгілі бір жұмыстың бөлігін істеу керектігін білдірмейді. Жұмыс мердігердің қалқорлығымен орындалса, онда тапсырысшының материалдарды беру міндеті болмайды [9].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 629 бабының мағынасы бойынша, тапсырысшы мердігердің міндетін тиісті орындауға қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруы керек, егер осы шаралар тапсырысшының әрекеттеріне байланысты болса. Мысалы тапсырысшы салынып жатқан объектке жолды тазалауға, тиісті мерзімде, егер бұл шартта қарастырылса, жабдықтарды, бөлмелерді (жайларды) беруге міндетті. Мердігерге көмектесу міндеті тапсырысшы оған жұмыстарды орындаудың бұдан бұрын бекітілген тәртібін қайта құруды талап етпеу керек екенін, оған жұмыстың орындалуында өзге кедергі жасамау керек екенін, керісінше онымен ынтымақтастықта болу керек екенін білдіреді. Тапсырысшы осы міндеттерін орындамаған жағдайда, мердігер зиянды, соның ішінде жұмыстың тоқтап қалуына, жұмысты орындаудың мерзімдерінің өзгеруіне

немесе жұмыс бағасы көбеюіне байланысты келтірілген шығындарды (қосымша шығындарды) өтеуді талап етуге толық құқығы. Егер мердігерлік шарты бойынша жұмысты орындау тапсырысшының әрекеттерінің (қателіктерінің) мүлкін болмай қалса, мердігер жұмыстың орындалған көлеміне сәйкес келетін мөлшерде жұмыс үшін ақыны алу құқығын сақтап қалады.

Тапсырысшы мердігер жасаған жұмысты қабылдап оған ақы төлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 630-бабында жұмысты қабылдау тәртібі реттелген және ол шартта да көрсетілуі мүмкін. Жасалған жұмысты қабылдау шартта көрсетілген мерзімде егер сол мерзімдер шартта қарастырылмаса, онда қабылдау қисынды мерзімдерде жүргізіледі. Қабылдауға жұмыс нәтижелерін тексеру кіреді. Егер жаңа зат жасалынса немесе бар затты жөндеу, оны жақсарту жүргізілсе қабылдау міндеті затын иелікке алу бойынша іс жүзіндегі әрекеттерді де өз құрамына енгізеді. Орындалған жұмысты қабылдаудың мерзімін өткізіп алу меншік құқығы жаңадан жасалған (қайта өңделген) затқа тапсырысшыға затты беру орын алғанда ететініне әкеледі. (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі-нің 630-бабы 8-тармағы). Сілтеме жасалған норманың мәтінінде біздің ойымызша қателік бар, себебі жұмыс нәтижесін қабылдап алу мерзімін өткізіп алу тапсырысшыға меншік құқығы ету сәтін анықтауға байланысты болуы тиіс емес. Меншік құқығы оның да жалпы тәртіп бойынша тапсырысшыға оған зат берілгенін өтеді), мерзімді өткізіп алған неске беруінде (тапсырысшыда) осының салдарынан болған барлық қолайсыз нәтижелер (төуекелдер) оның қабылдау мерзімін өткізіп алудағы кінәсі болмаса, онда ол мұқты қабылдауға міндетті болған және оны қабылдаған сәттер арасындағы уақыт аралығындағы мұқты күтіп ұстау бойынша, шығындарда оған жүктелетініне (ол сол шығындарды өтеуге міндетті болатынына) әкеледі [9].

Тапсырысшы жұмысты нағарлаған шарттан ауытқуларды немесе жұмыстағы өзге кемістіктерді анықтаса, онда ол бұл туралы дереу мердігерге хабарлауы тиіс. Болашақта тапсырыс беруші қабылдау сәтінде анықталған кемістіктерді жою туралы талап қоймақ болса, онда кемістіктер қабылдауды куәландыратын актіде немесе өзге құжаттарда көрсетілсе ғана, ол соларға сілтеме жасай алады. Осы қабылатын талапты ескерсек, біз мердігерлік жөніндегі нормалар мердігерлік шартының нысанасын қабылдау бойынша сатып алу-сату шартына (оның нормаларына қарағанда) қарағанда талаптар бекітетінін айта аламыз.

Егер тапсырысшы жұмыстың нәтижесін тексеріссіз қабылдаса, онда ол қабылдаудың кәсіпті болып келетін тәсілдерін қолданғанда анықталуы мүмкін болған кемістіктерге (айқын кемістіктерге) сілтеме жасау құқығынан айырылады. Егер тапсырысшы жұмыс нәтижелерін қарап қабылдағаннан кейін қарапайым қарағанда көрінбейтіндей кемістіктерді (жасырын кемішіліктерді) сол сияқты оларды мердігер қасақана жасырған кемістіктерді анықтаса, онда тапсырысшы бұл туралы мердігерге қисынды мерзімде

хабарлауға міндетті. Тапсырысшы мердігерге оның орындаған жұмысының кемшіліктері туралы хабарлаудың ең ақырғы мерзімі кемшіліктер табылғаннан, яғни жұмыс нәтижесі қабылдағаннан кейін бір жылды құрайды. Мердігерге фирмалардың, құрылыстардың кемшіліктері туралы немесе мердігер жасаған жасырған кемшіліктер туралы хабарлаудың ең ақырғы мерзімі үш жылды құрайды. Көрсетілген мерзімдерді кепілдік мерзімдері ретінде бағалауға болады. Аталған мерзімдер заң актілерімен немесе шарттармен ұзартылуы мүмкін. Сапа кепілдігі, егер шартпен өзгеше қарастырылмаса, жұмыс нәтижесінің барлық құрамаларына тарайды. (ҚР АҚ 633 бабы 2-тармағы). Егер мердігерлік шартында бұл өзгеше көзделмесе, кепілдік мерзімі тапсырысшы жұмыс нәтижелерін қабылдағаннан кейін бастап немесе тапсырысшы оларды қабылдауы керек сәттен кейін бастап есептеледі.

Егер тапсырысшы мен мердігер арасында жасалған жұмыс кемшіліктері немесе оның себептері туралы тартыс болса, олардың әрқайсысының талабы бойынша сараптама жүргізілуі мүмкін. Сараптау шығындарын мердігер өтейді. Егер сараптау шарт бұзылмаған деп тапса немесе мердігердің жасаған іс-әрекеттерінің және табылған кемшіліктердің өзара байланысы жоқ деп тапса мердігер осы шығындардан босатылады. (ҚР АҚ 630 бабы 6-тармағы). Бұл жағдайларда шығындарды кім сараптау жүргізуді қаласа, сол өтейді. Егер сараптауды тараптар келісіммен жүргізсе, онда екі жақ тең шығынды өтейді.

Жасалған жұмысқа ақы төлеу міндеті – тапсырысшының негізгі міндеті. Бұл міндет жалпы тәртіп бойынша мердігер жасаған жұмысты толығынан тапсырған соң орындалуы тиіс. Шартта алдын-ала жұмысқа ақы төлеу немесе жеке жұмыс кезеңдерінде ақы төлеу міндеті қарастырылуы мүмкін. Ақы төлеу үшін жұмыс уақытыны орындалуы керек. Жұмыс мерзімінен бұрын аяқталса, оған алдын алу құқығы алдын ала төлеу тараптар келісіміне бұрын кірсе, немесе тапсырысшы содан соң алдын ала төлеуге келіссе пайда болады. Аванс төлемін жасау немесе кепілсіз беру осылар шарттарда немесе заңнамада қарастырылған жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Аванс төлемінің кепілсіздік мөлшері де шарттармен немесе заңнамамен анықталады.

Мердігерге тапсырысшыға қатысты құқықтарын өз бетімен қорғау құқығы беріледі. (ҚР АҚ 9 бабы, 3-тармақ). Бұл құқық зағты ұстап қалу құқығы болып келеді (ҚР АҚ 624 бабы).

Тапсырысшы белгіленген бағаны немесе шартпен белгіленген өзге соманы төлеу міндетін орындамаса, мердігер шарт нысанасын (жұмыс нәтижесін) орындамағанымен байланысты ұстап қалумен қатар тапсырысшыға тиесілі құрал-жабдықтарын да, жұмысты орындау үшін берілген пайдаланылмаған материалдар қалдығын да және тапсырысшының өзге мүліктерін тапсырысшы керекті ақша соммасын төлегенше бермеуге құқығы. Бұл құқық шартта қаралмаса да жүзеге асырыла береді.

Мұндай жағдайлар шартта қаралса, тапсырысшыға да сондай құқық беріледі, ол мердігерге тиесілі сыйтақы мөлшерінен өз уақытыпы анықталған кемшіліктерді жоюға арналған шығындарды өтеу үшін ұстап қалуға құқығы.

Егер тапсырысшы жасалған жұмыс нәтижесін қабылдауды жалтарып, жұмыс үшін төлемесе мердігер жұмыс нәтижесін өз бетімен сатуға (өткізуге) құқығы болады. Бұл тапсырысшы жұмысты қабылдау уақыты өтіп кеткеннен кейін бір айдан соң және тапсырысшыға екі рет ескертілгеннен кейін жүзеге асады. Мердігер жасалған жұмыс нәтижелері егер шартта басқаша қарастырылмаса сатады, өзіне тиесілі ақысын алып қалғанын егер шартпен өзгешелік көзделмесе тапсырысшы депозитіне салады.

Мердігерлік шарты бойынша тараптарда тиісті көлемде тәуекелдер болып келеді. Егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше көзделмесе мүліктің кездейсоқ жойылуының немесе бүлінуінің тәуекелін шарт бойынша келісілген жұмысты тапсырудың мерзімі келгенше мердігер көтереді. Егер мердігерлік заты тапсырылғанға дейін кездейсоқ жойылса немесе жұмысты аяқтау мүмкіндігі болмаса, онда тараптар кінәсі болмаса, мердігердің жасалған жұмысқа ақы төлеуді талап етуге құқығы болмайды. Яғни жұмыстар орындалмауының тәуекелі қарлық жағдайда мердігерге жүктеледі. Затты қабылдауды немесе берудің мерзімін өткізіп алу болса егер шартта неғдесе заңда басқаша көзделмесе тәуекел мерзімді өткізіп алған тарапта болады. Сондықтан тапсырысшы затты қабылдаудың мерзімін өткізіп алса мердігер сыйтақы алу құқығын сақтайды.

Мердігерлік шарттағы тараптардың арасындағы тәуекелдердің қайта бөлінуіне әкелетін жағдайлардан тараптардың біреуінің кінәлі іс-әрекеттері болатын жағдайларды айыра білу қажет. Мысалы тапсырысшының кінәсі болуы мүмкін. Егер мердігерлік затының жойылуы немесе жұмысты орындаудың мүмкінсіздігі тапсырысшы берген материалдың санасыздығынан болса, немесе оның берген жұмысты орындау туралы нұсқауына байланысты болса және осының салдары туралы мердігер алдын ала ескертсе, онда мердігер орындалған жұмыс үшін ақы алу құқығын сақтап қала береді [10].

Мердігерлік шарты бойынша жауапкершілік өзінің міндеттерін орындамаған немесе тиісті орындамаған шарт тараптарының біреуінің кінәлі жүріс тұрысының салдары болып келеді. Егер мердігерлік шартындағы міндеттемелердің кәсіпкерлік сипаты болса немесе осы шартта арнайы көзделсе, тарап шарт бойынша міндеттемесін тиесілі орындамауы үшін оған кінәсіз жауапкершілік жүктеледі. Жауапкершіліктің мөлшері азаматтық заңнамамен немесе шартпен белгіленеді, әдетте зиянды өтеу міндетін атқарады. Көбінесе, залал егер жұмысты мердігер жұмысты нашарлататын ауытқулармен немесе оны шартта көзделген не шартта тиісті ережелер болмаған кездегі – әдеттегі пайдалану үшін оларды жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен орындаса тапсырысшыға келтіріледі.

Осыған қарай, Азаматтық кодексте жұмысты сапасыз орындауы үшін мердігердің жауапкершілігі көзделген (635-б). оның нормалары мердігер –

бұзушыға жауапкершілік туралы жалпы нормалармен жүктелетін крлайсыз нәтижелермен бірге тапсырысшыға өзінің құқықтарын арнайы тәртіпте қалпына келтіру мүлкіншілігін береді. Тапсырысшы өз таңдауы бойынша мердігерден:

1) қисынды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтеміз жоюды;

2) жұмыс үшін белгіленген бағаны тиісті мөлшерде азайтуды талап етуге құқығы.

Осымен бірге тапсырысшы кемшіліктердің өзінің қаражаттарымен мысалы, басқа мердігерді жалдау жолымен жоюы мүмкін. Бұл үшін мердігерлік шартында тапсырысшының жұмыстың кемшілігін өз іс-әрекеттерімен жою құқығы көзделуі керек.

Мердігер өзі жауап беретін жұмыстың кемшіліктерін жоюдың орнына, тапсырысшыға орындаудың мерзімін өткізіп алу арқылы келтірген зиянды өтей отырып, жұмысты тегін қайта орындауға құқығы. Бұл жағдайда тапсырысшы, егер жұмыс сипаты бойынша ондай қайтарып беру мүмкін болса, оған бұрын тапсырылған жұмыс нәтижесін мердігерге қайтарып беруге міндетті.

Сонымен қатар, егер жұмыста шарттың талаптарынан ауытқу немесе жұмыстың өзге де кемшіліктері елеулі болғанда және жоюға келмейтін болса не анықталған кемшіліктер тапсырысшы белгілеген қисынды мерзімде жойылмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және келтірілген заңалдарды өтеуді талап етуге құқығы.

Кейбір жағдайларда, жұмысты орындау жоғарланған қауіп-қатермен (төуекелмен) байланысты болса, шартта белгілі бір кемшіліктері үшін мердігерді жауаптылықтан босату көзделуі мүмкін.

Шартты бұзғаны үшін мердігерді жауапкершілікке тартудың төжірбелік мүлкіншілігі талап қою мерзімін сақтауға байланысты болып келеді. Мердігерлік шарттан талаптарға талап қордың жалпы – үш жылдық мерзімдері тарайды.

Мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыс сапасының лайықсыз болуынан туындаған кемшіліктер туралы талап бойынша талап қою мерзімі, олар туралы тиісті мерзім шегінде тапсырысшы мердігерге хабарлаған болса, кемістіктер анықталған күннен өз ағымын бастайды.



## 2. ТҰРМЫСТЫҚ МЕРДІГЕРЛІК ШАРТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### 2.1 Тұрмыстық мердігерлік шарттың түсінігі, пәні, нысанары

Азаматтық заңнамада мердігерлік қатынастардың түрлерінің ең маңызды және ерекше белгілері барлары реттелген. Мердігерлік шартының түрлі сипаттамасына мыналар кіреді:

- 1) тұрмыстық мердігерлік;
- 2) құрылыс мердігерлігі;
- 3) жобалау немесе іздестіру жұмыстарына мердігерлік;
- 4) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

Оларға Азаматтық кодекстегі мердігерлік қатынастарды реттеуге арналған тарауында жеке параграфтар арналған. Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің бұл түрлер туралы ережелерінде өзгеше белгіленбесе мердігерлік туралы жалпы ережелер де (нормалар) қолданылады.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақыл төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарт мердігердің тұрғындарға қызмет көрсету аясындағы қатынастарды реттейді. Ол арқылы азаматтар бөлшектеп сатып алу-сату шарттарды жасасып иелене алмайтын заттарға иелене алады, сол сияқты тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша олардың нәтижесі зат болып келмейтін жұмыстар орындалады. Мысалы, косметика салондарының шапқатарлар, моншалар, шеберханалар және т.б. қызмет көрсетуі осы сипатта болады. Тұрмыстық мердігерлік қатынасында бөлшектеп сатып алу-сату шартына секілді бір тарабы болып тұтынушы қатысады.

Тұрмыстық мердігерлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 640-650 баптарымен реттеледі. Сонымен бірге Қазақ КСР “Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы” заңы қолданылады. Тұрмыстық мердігерлік қатынастарының белгілі бөлігі 1996 жылғы 20 қыркүйектегі №9/7 баға және антимонополиялық саясаты бойынша, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комитетінің Қаулысымен бекітілген тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету Ережесімен реттеледі. Тұрмыстық мердігерлік шарты ерекшелігінің үлкен бөлігі оның тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда болатын арнайы мақсатының салдарынан болып келеді. Бөлшектеп сатып алу сатуда сатып алушы қалай қорғалса, тұрмыстық мердігерлік қатынастарында тұтынушы сол шекте қорғалады. Тұтынушылардың құқықтық жағдайын анықтайтын бірқатар нормалар Азаматтық Кодекстің өзінде де бар.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша, тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған белгілі-бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарты жария шарттарға жатады. Сонымен бірге бұл шарт консенсуалды, өзара және қайтарымды болады.

Тұрмыстық мердігерлік шартының нысаны. Жалпы ереже бойынша егер заң актілерінде немесе шартта, оның ішінде формулярлар ережелерінде немесе тапсырысшы қосатын өзге де стандартты нысандарда басқаша көзделмесе, тұрмыстық мердігерлік шарты мердігердің тапсырысшыға түбіртек немесе шарттың жасалғандығын растайтын өзге құжат берген кезден бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі.

Жұмысты орындауға берілген тапсырыста (шартқа немесе бекітілген нысандағы құжатта) мыналар көрсетілуі тиіс: орындаушының заңды мекен-жайы; тапсырысшының тегі және аты, оның мекен-жайы және телефоны; тапсырыс қабылданған мерзім; тапсырысты орындаудың басталу және аяқталу мерзімі, аванс сомасы (толық сомасы), тапсырысты қабылдаған және өтізген тұлғалардың қолы, қызмет көрсету (жұмыс) түрлері, орындаушы мен тұтынушының материалдарының (заттарының) толық тізімі, бағасы және саны (қанша материалдар жұмыс орындау үшін қажет екені көрсетіледі), жөндеуге берілген заттың ауыттық нөмірі және өзге де реквизиттер.

Түбіртектегі бұндай толық ақпарат болуына талаптар тұрмыстық мердігерлік шарты жазбаша нысанда жасалатынын білдіреді. Алайда тапсырысшыда аталған құжаттардың болмауы оны шарттың жасалу фактісін немесе оның ережелерін растауда куәгерлік айғақтарға сипатта жасау құқығынан айырмайды [10].

Жоғарыда аталғанның барлығын тұрмыстық мердігерлік шартының міндетті талабы (елеулі жағдайлары) деп қарастыру керек емес. Онда, жалпы мәндегі нормаларға сәйкес жасалатын мердігерлік шартында да сияқты елеулі жағдайларға нысана (орындалатын жұмыс туралы) және жұмысты орындау мерзімдері туралы жағдайлар жатады.

Тұрмыстық мердігерлік шарттары ауызша нысанда да жасалуы мүмкін. Және жетон, талон, кассалық түбіртек және тағы басқаларды берумен расталуы мүмкін. Барлық жағдайда да затты дайындауға тапсырыс тұтынушының немесе мердігердің эскизі бойынша немесе үлгілері бойынша қабылданады. Оның қолымен (қол қрөюымен) расталатын тұтынушының қалауы бойынша және осы туралы бір уақыттылы мердігермен келісу нәтижесінде үлгілерден және (немесе) жұмыс орындау (зат жасау) технологияларынан ауытқу болуы мүмкін. Бұндай ауытқулар тұтынушының өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне және оның мүлкіне, қршпаған ортаға зиян келмеуі тиіс.

Тапсырыс рөсімделген құжат немесе шарттың талабы тұтынушының құқығын шектейтін болса, ол Қазақ ҚСР-ң “Тұтынушылардың құқығын

қорғау туралы” Заңына сәйкес жарамсыз деп есептеледі. Тұрмыстық мердігерлік шартында жұмыстың бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді, бірақ ол мердігер жариялаған преискурантта көрсетілгеннен жоғары болмауы керек.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 644-бабына сәйкес мердігер тұрмыстық мердігерлік шарт жасалғанға дейін тапсырысшыға ұсынылатын жұмыстар, олардың түрлері мен ерекшеліктері туралы, жұмыстың бағасы мен оған төленетін ақы туралы, қажетті және сенімді ақпарат беруге, сондай-ақ тапсырысшының сұрауы бойынша шартқа және орындалатын жұмысқа қатысты басқа да мәліметтерді хабарлап отыруға міндетті. Егер жұмыстың сипаты бойынша мұның маңызы болса, тапсырысшыға мердігер оны орындайтын нақты тұлғаны көрсетуге тиіс. Жоғарыда аталған міндеттерді орындау үшін жұмысты орындайтын кәсіпорынның қызметі туралы маңдайшасы, заңды мекен жайы мен атауы, жұмыс істеу режимі көрсетілген маңдайшасы керек. Жеке кәсіпкер өзінің тіркелген органы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметтің міндетті талаптарының стандарты туралы ақпаратты және жұмысы сертифициқталғаны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Орындалуға жататын жұмыс туралы ақпарат оның түрлері, ерекшеліктері, бағасы және төлеу нысаны туралы, кәсіпорынның тұрақты мекен-жайынан тыс, мысалы уақытша мекен жерде, жылжымалы пункттерде, орында барын жұмыс істейтін бригадалармен қызмет көрсету жүргізген кезде де ұсынылуға тиіс.

Тапсырысты қабылдау жүргізілетін кәсіпорынның белмесінде тұтынушыға керекті ақпарат көзге көрінетін жерде орналасуға тиіс. Оның тізімі Қазақстан Республикасының тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету Ережесінің 5-пунктінде берілген. Жекелеп алғанда онда жұмыс түрін орындауға лицензия, тұтынушыға ұсынылатын мердігердің және өзге бұйымдардың (фур-нитураның) үлгілері, типтік шарттардың түбіртектердің, жетондардың, қолжазбалардың, талондар және мердігер тапсырысты қабылдағанын және тұтынушы жұмыс үшін төлегенін растайтын өзге де құжаттардың үлгілері көрсетілуі тиіс.

## **2.2 Тұрмыстық мердігерлік шарттың құқықтары мен міндеттері**

Тапсырысшының тұтынушы ретіндегі құқықтары оған оның құқықтары шарт жағдайлары, орындалатын жұмыстардың сипаттамалары туралы толық ақпарат беруден қатар мердігерге шартқа қосымша ақылы жұмыстарды немесе қызметтерді қосуына тыйым салу арқылы да қамтамасыз етіледі. Бір жұмысты орындау өзге жұмыстар орындалуының міндеттілігіне әкелмеуі керек.

Тапсырысшы өзіне жұмыс нәтижелерін өткізгенге дейін мез келген уақытта шарттан бас тартуға құқығы бар. Бас тартуы алдында ол орындалған жұмыс үшін мердігерге белгіленген бағаның бір бөлігін төлеуі керек. Бұл міндет мердігер жұмысты тапсырысшыдан ол шартты бұзатынын туралы

хабарлама алғанға дейін орындалса ғана болып келеді. Тапсырысшы мердігердің мәлімделе жасау сәтінә дейін орын алған өзге де шығындарын өтеуге міндетті. Ал негізінен тапсырысшының әрқашан шартты бір жақты бұзуға құқығы бар және одан айыратын тұрмыстық мердігерлік шартының жағдайлары жарамсыз болып келеді.

Мердігердің негізгі міндеті шарт талаптарына және міндетті талап етілген стандарттарға сай жұмысты орындау. Кейбір жағдайларда жұмыс мердігердің материалдарымен орындалады. Мұндай жағдайда ол материалдар сапасының стандарттар мен шарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер жұмысты шартта қарастырылған мерзімде бітіруге тиіс. Тапсырысты орындау мерзімі азаматтық құқықтағы мерзімдерді есептеудің жалпы ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Мерзім жұмыстың орындалып біту уақытымен және жұмысты орындауға кірісу уақытымен анықталынады. Егер тұрмыстық мердігерлік шартында жұмысты бөліп-бөліп орындау қарастырылса, онда шартта әр орындалатын бөліктің мерзімдері көрсетілуі тиіс. Жедел қызмет көрсету нұсқаныңдағы жұмысты орындау шартқа сәйкес жүргізілуі мүмкін.

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының материалынан орындалатын болса, түбіртекте немесе шарт жасасу кезінде мердігер тапсырысшыға беретін өзге де құжатта материалдың дәл атауы көлемі (саны), сапасы және тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуі тиіс. Түбіртектегі немесе сол сияқты өзге де құжаттағы материалды бағалауға тапсырысшы жазбаша дәлелдемелер ұсыну арқылы кейін сотта дау айтуы мүмкін. Мердігер тапсырысшының берген материалдарының дұрыс пайдаланылуы мен сақталуына жауап береді. Мердігер тапсырысшы берген материалдардың жарамсыз және сапасыз екендігін ескертуі тиіс. Сонымен бірге орындалатын жұмыс көтешкелерінің жарамдылығына, беріктігіне қауіп туғызатын мән-жайларды тапсырысшыға ескертуге тиіс.

Тапсырысшы берген материалды мердігер біршама немесе толығынан жоғалтып алса, (бүлдіріп алса) онда ол сол материалды түрі мен сапасы сондай болып келетін өзге материалмен ауыстыруы тиіс. Сонымен бірге тұтынушы шежкен шығындар да өтелуге тиіс болады. Материалдың жекелеп бұзылуы мердігер оған материалдардың бүлінуіне әкелуі мүмкін материалдардың айрықша қасиеттері жағдайында мердігер тұтынушының еркі бойынша ұзатпай шартты жаңартып және қысқа мерзімде сондай материалдан зағты дайындауға міндетті [11].

Тапсырысшыға мердігер материалдардың олардың бүлінуіне әкелуі мүмкін айрықша қасиеттері туралы ескертсе, онда мердігер материалдың біршама немесе толық бүлінуіне (жойылуына) байланысты жауапкершіліктен босатылады (яғни тапсырысшы өз нұсқауын берді деген сөз және осы нұсқауды орындау зиян себебі болды). Ал мердігердің материалдық айрықша қасиеттері туралы білмегені оны жауапкершіліктен босатпайды.

Мердігер, егер төтенше және бой бермейтін (дүлей) күш жағдайлары орын алса, осының себебінен материалдардың бүлінуі, жұмыстың тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде тапсырысшы – тұтынушының міндетсін қосымша қорғауды қамтамасыз ететін нормаларды да қарастырады. Мердігер тапсырысшыға дайындалған (қайта өңделген) немесе орындалған жұмыстың өзге нәтижесін тапсырған кезде тапсырысшыға оларды тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін қажетті талаптарды хабарлауға міндетті. Орындалған жұмыс нәтижесін пайдалану талаптарын сақтамаудың тапсырысшының өзі немесе өзге тұлғалар үшін қолайсыз салдары да көрсетілуі керек.

Жұмысты орындағаннан кейін немесе тапсырыстан бас тартыпған жағдайда, мердігер тұтынушыға жұмсалғаннан қалған материалдарды, сонымен бірге ауыстырыпған бөлшектерді (жарамсыз бөлшектерді) қайтаруға міндетті, сол сияқты олар үшін тапсырысшы төлеген материалдардың жұмсалуды туралы есеп беруге міндетті.

Тапсырысшы орындалған жұмыстың нәтижесін қабылдауға және орындалған жұмысқа ақы төлеуге міндетті. Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша тапсырысшы жұмыс нәтижесін толық көлемде қабылдағаннан кейін ақы төлейді. Тараптардың келісімі бойынша ақы толығымен шарт жасасу кезінде немесе аванс беру арқылы төленуі мүмкін.

Тұрмыстық қызмет көрсетудің ережелерінде жұмыстың кейбір түрлеріне алдын ала ақы төлеу немесе аванс беру қарастырылған. Жекелеп алғанда тұтынушының қатысуымен орындалатын жұмыстарға шартты тұрмыстық мердігерлік шартын жасау сәтінде жұмыстың ақысы толығымен төленеді. Жинақтарды жөндеу және дайындау, құрылыстарды салу, жөндеу, аяқ киімдерді, тігін және тоқыма бұйымдарды ірі жөндеу, жаңарту мердігерлік шарттары бойынша, тапсырысшы шартта көрсетілген мөлшерде аванс төлеуі мүмкін.

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша, жұмыс мердігердің материалынан орындалатын болса, шартты жасау кезінде тапсырысшы материал үшін толық немесе ішкіара тапсырысшы мердігер орындаған жұмыстың нәтижесін алған кезде түпкілікті есеп айырыса отырып, шартта көрсетілген бөлігі үшін ақы төлейді. Мердігердің материалына өзге тәртіпте есептесу тараптардың келісімімен қарастырылуы мүмкін. Шартқа сәйкес материалды мердігер кредитке, оның ішінде тапсырысшының материалға ақыны бөліп-бөліп төлеу талабымен беруі мүмкін. Мердігер берген материал базасының шарт жасалғаннан кейін өзгеруі қайта есептеуге әкеп соқтырмайды.

Тапсырысшы орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеген немесе тапсырысшы оларды қабылдаудан жалтарған жағдайда, мердігер тапсырысшыға жазбаша түрде ескерте отырып, сол ескерткен күннен бастап 2 ай өткен соң мердігерлік нысанасын қисынды бағаға сағады. Одан түсімен соланы мердігер өзіне тиесілі барлық төлемді шегеріп, қалғанын

тапсырысшының атына нотариустың депозитіне салуға құқылы. Мәрдiгер өзiнiң таңдауы бойынша, мәрдiгерлiк нысанасын сатудың орнына, оны метал қалғу немесе тапсырысшыдан келтiрiлген залалды өндiрiп алу құқығын пайдалана алады.

Тұрмыстық мәрдiгерлiк шарты жария шарттарға жатады.

*Тапсырысшыға жұмыстардың нәтижелерi туралы ақпарат беру*

1. Мәрдiгердiң тапсырысшыны тұрмыстық мәрдiгерлiк шартқа қосымша ақылы жұмыстарды немесе қызмет көрсетулердi енгiзуге мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Бұл талап бұзылған жағдайда тапсырысшы мұндай жұмыстар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Тапсырысшы өзiне жұмыс нәтижелерiн өткiзгенге дейiн кез келген уақытта мәрдiгерге тапсырысшының шарттан бас тартуы туралы хабарлама алғанға дейiн орындалған жұмысүшiн мәрдiгерге белгiленген бағаның бiр бөлiгiн төлеп, тұрмыстың мәрдiгерлiк шарттан бас тартуға құқылы және тапсырысшы мәрдiгердiң сол кезге дейiн жасаған шығындарын өтеуге мiндеттi. Тапсырысшыны бұл құқықтан айыратын шарт ережелерi жарамсыз болады.

Егер заң актилерiнде немесе шартта, оның iшiнде формулярлар ережелерiнде немесе тапсырысшы қосылатын өзге де стандартты нысандарда (осы Кодекстiң 33 бабы) өзгеше көзделмесе, тұрмыстық мәрдiгерлiк шарты мәрдiгердiң тапсырысшыға түбiртек немесе шарттың жасалғандығын растайтын өзге құжат берген кезден бастап тиiстi нысанда жасалған болып есептеледi.

Тапсырысшыда аталған құжаттардың болмауы оны шарттың жасалу фактiсiн немесе оның ережелерiн растауда күштерлiк айғақтарға сiлтеме жасау құқығынан айырмайды.

*Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелерi туралы ақпарат беру*

Тапсырысшыға жұмыстардың нәтижелерiн өткiзген кезде мәрдiгер оған дайындалған немесе қайта жасалған затты не орындалған жұмыстың өзге нәтижесiн тиiмдi және қауiпсiз пайдалану үшiн сақталуы қажет талаптар туралы, сондай-ақ тиiстi талаптардан сақтамауын тапсырыс берушiнiң өзiне және басқа адамдарға келтiрiлуi мүмкiн зардаптары туралы хабарлауға мiндеттi.

1. Мәрдiгер тұрмыстың мәрдiгерлiк шарт жасалғанға дейiн тапсырысшыға ұғынылатын жұмыстар, олардың түрлерi мен ерекшелiктерi туралы, жұмыстың бағасы оған ақы төлеудiң нысаны туралы қажеттi және сенiмдi ақпарат беруге, сондай-ақ тапсырысшыға оның етiмдi бойынша шартқа және тиiстi жұмысқа сәйкес басқа да мәлiметтерiрдi хабарлап отыруға мiндеттi. Егер жұмыстың сипаты бойынша мұның маңызы болса, тапсырысшыға мәрдiгер оны орындайтын нақты тұлғаны көрсетуге тиiс.

2. Тапсырысшы мәрдiгерден алынған ақпараттың толық немесе сенiмдi болмауының салдарынан тапсырысшы көздеген қасиеттерi жоқ жұмыстарды орындауға шарт жасалған жағдайларда тапсырысшы тұрмыстық мәрдiгерлiк шартты бұзуды және зиянды өтеудi талап етуге құқылы.

### *Жұмысты мердігердің материалдан асырауы*

1. Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс мердігердің материалдан орындалатын болса, шартты жасау кезінде тапсырысшы материал үшін толық немесе тапсырысшы мердігер орындаған жұмыстың нәтижесін алған кезде түпкілікті есеп айырыса отырып, шартта көрсетілген бөлігі үшін ақы төлейді.

Шартқа сәйкес материалды мердігер кредитке, оның ішінде тапсырысшының материалға ақынды бөліг-бөліп төлеуі талапшымен беруі мүмкін.

2. Мердігер берген материал бағасының шарт жасалғаннан кейін өзгеруі қайта есептеуге әкеп соқпайды [12].

### *Жұмысты тапсырысшының материалдан асырауы*

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының материалдан орындалатын болса, түбіртек те немесе шарт жасау кезінде мердігер тапсырысшыға беретін өзге де құжатта материалдың дәл атауы, саны, сипаты мен тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуге тиіс. Түбіртектегі немесе сол сияқты өзге де құжаттағы материалды бағалауға тапсырысшы жазбаша дәлелдемелер ұсыну арқылы кейін сотта дау айтуы мүмкін.

### *Жұмыстың бағасы және аванс төлеуі*

Тұрмыстық мердігерлік шартында жұмыстың бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді және ол мердігер жарияланған преискурантта көрсетілгеннен жоғары болмауы керек. Тапсырысшы жұмысқа ақынды мердігер оның нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін төлейді.

Тараптардың келісімі бойынша жұмысқа тапсырысшы шарт жасау кезінде толық немесе аванс беру арқылы ақы төлеуі мүмкін.

1. Тапсырысшы жұмыстың нәтижелерін қабылдаған кезде немесе мердігерлік нысанасын пайдалану кезінде кемшіліктер тапқан жағдайда осы Кодекстің 630-бабында көзделген жалпы мерзімдердің ішінде, ал кепілді мерзімдер болған кезде - сол мерзімдердің ішінде осы Кодекстің 635-бабында көзделген құжаттардың бірін жүзеге асыра алады.

2. Тұрмыстық мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыстың кемшіліктерін тегін қою туралы талап, егер заң актілерінде белгіленген тәртіпте өзге мерзім (қызмет мерзімі) көзделмесе, ол кемшіліктер тапсырысшының өзінің және басқа да адамдарының өміріне немесе денсаулығына қауіпті болған жағдайда тапсырысшы немесе оның құқық мирасқоры жұмысты қабылдаған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін. Сондай талап бұл кемшіліктердің қай уақытта анықталғанына қарамастан, оның ішінде мезгілдік мерзімі аяқалғаннан кейін анықталған кезде де қойылуы мүмкін. Мердігер аталған талапты орындамаған жағдайда тапсырысшы нақ сол мерзім ішінде не жұмыс үшін төленген бағаның бір бөлігін қайтаруды, не кемшіліктердің күшімен немесе үшінші тұлғалардың келісімімен жоюға кеткен шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

1. Тапсырысшы орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеген немесе тапсырысшы оларды қабылдаудан өзгедей жалтарған жағдайда мердігер тапсырысшыға жазбаша түрде ескерте отырып, сол ескерткен күннен бастап екі ай өткен соң мердігерлік нысанасын қисынды бағажә салуға, ал одан түскен соманы мердігерге тиесілі барлық төлемді шегеріп, осы Кодекстің 291-бабына сәйкес тапсырысшының атына нотариустың делізігіне салуға құқығы.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларда мердігер мердігерлік нысанасына сатудың орнына оны ұстап қалу (осы Кодекстің 624-бабы) немесе тапсырысшыдан келтірілген залалды өндіріп алу құқығын пайдалана алады.

Тұрмыстық мердігерлік шарт тараптардың бірінің қайтыс болуы негізінде тоқтатылған жағдайда (осы Кодекстің 376-бабы) шарттың тоқтатылу зардабы тиісті тараптың құқықтық мұрасқыры мен оның келісім-шарт жасаушы агентінің арасындағы келісім бойынша, ал олар келісімге келмеген кезде орындалған жұмыстың мөлшері мен оның бағасы, жұмсалған және сақталған материалдың құны, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайлар ескеріле отырып сот арқылы айқындалады.

### **2.3 Тұрмыстық мердігерлік шартын бұзу оның туындайтын жауапкершілігі**

Тапсырысшы жауапкершілігінің көрсетілген жағдайы жалпылама оның жиі орын алмайтын жауапкершілігінің (көбінесе тұрмыстық мердігерлік шартында да мердігердің жауапкершілігі кездеседі) бір бөлек жағдайы болып келеді. Тәжі да бір жағдайды атап көрсетейік. Егер тапсырысшы, мердігер материалдың жарамсыздығын, сапасыздығын уақытшы ескертіп немесе жұмыс нәтижесінің беріктігіне әсер ететін жағдайларды жоюды талап етсе, тапсырысшы ешқандай шара қолданбаса, онда оған жауапкершілік жүктеледі. Бұл жағдайда мердігердің шартты бұзуға және өзіне келген шығындарды өндіріп алуына құқығы бар.

Мердігердің жауапкершілігін қарастырайық. Тапсырысшы мердігерді жауапкершілікке тарта алады, егер мердігердің жұмыс (оның нәтижесі), мердігердің өзі жөнінде тиісті емес (ақиқатқа сәйкес келмейтін немесе толық емес) ақпарат беруі тапсырысшыға қажетті қасиеттері жоқ жұмыстың орындалуына әкелсе. Сонымен бірге мердігердің жауапкершілігі тапсырысшының өміріне, денсаулығына, мүлкіне зиян келтірген жағдайда да туындайды. Соңғы екі жағдайда да шартты бұзып, келтірілген шығынды өндіріп алуға құқық береді.

Мердігер тұрмыстық мердігерлік шартының жағдайларының заңнама талаптарына сәйкес қолданылуы үшін де жауапты болады. Егер де шарт талаптарын қолдану кезінде тұтынушының құқығы шектеліп, оған зиян келсе, онда ол толық көлемде өтелуі тиіс. Бұған тұтынушының еркін жұмыс түрін таңдау құқығын бұзуда туындаған шығынды да қосамыз.



Егер мердігер тапсырысшы берген материалдардың жарамсыздығын, сапасыздығын, тапсырысшының жұмысты орындау тәсілі туралы нұсқауын ескертпесе, орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда тапсырысшыға ескертпесе, осыларды белгіленген нысандағы қызметке көрсетпесе, мердігер тапсырысты тікелей орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді. Бұл жағдайда азаматтық құқықтағы міндеттемені орындамаудағы кінәліліктің болжамы (презюмциясы) қолданылатыны айқын көрінеді. Орындалған жұмыс нәтижелеріндегі кемшіліктерді анықтаса тапсырысшы мердігерлік қатынастарды реттейтін жалпы нормалар қарастырған құқықтарды жүзеге асыра алады. Жұмысты қабылдау кезінде немесе мердігерлік нысанасын пайдалану кезінде кемшіліктерді анықтаса, онда тапсырысшы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 630-бабында қарастырылған жалпы мерзімдер шегінде мердігерге талабын жүзеге асыра алады. Егер шартта кепілдік мерзімі қарастырылса, онда талаптар гарантиялық мерзімдер шегінде жүзеге асуы мүмкін. Егер кепілдік мерзімі жалпы заңда көзделген мерзімнен қысқалау болса, онда заңда көзделген мерзімдер қолданылады [13].

Тұрмыстық мердігерлік шарттары бойынша жұмыстардың кемшіліктері тапсырысшының өзінің немесе өзге тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіндей болса, кемшіліктерді тегін (ақшасыз) жою туралы талап тапсырысшымен немесе оның құқықтық мұрасшымен, егер заңнамалық актілермен өзге мерзімдер (қызмет ету мерзімдері қарастырылмаса) жұмысты қабылдау болған сәттен үш жыл ішінде жүзеге асыра алады. Өмір немесе денсаулық үшін қауіп болуы мүмкін кемшіліктерді жою туралы талап, кемшіліктер қанша табылғанына қарамастан (жұмысты қабылдау немесе затты пайдалану кезінде де) жүзеге асуы мүмкін. Сонымен бірге, бұл талап кепіл мерзімдері өткен кезде де қойылуы мүмкін. Тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдаған сәтте анықталған кемшіліктер 7 күн ішінде жойылуы тиіс, шартпен бұдан қысқалау мерзім қарастырылуы мүмкін.

Тапсырысшы тағайындаған немесе тараптармен келісілген кемшіліктерді жою мерзімі шартта немесе өзге де құжатта бекітіледі. Мұндай мерзімді бұзғаны үшін мердігер тапсырысшыға тұрақсыздық айыбын төлейді. Жекелеп алғанда біреудің ақшасын пайдаланғаны үшін АҚ-ң 300 бабына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлейді (себебі мердігердің міндеттемесін ақшаға аударуға (ақшалай бағалауға) болады. Тұрмыстық мердігерлік шартын тоқтатуға міндеттемені тоқтатудың барлық негіздері қолданылады. Жоғарыда бір тапсырысшының бір жақты тәртіппен шарттан бас тартуын да қарастырған едік. Бұл шарттың ерекшелігі – ол тапсырысшының жеке қажеттері негізінде жасалуы.

Тұрмыстық мердігерлік шартының осы ерекшелігін ескерсек нәтижесінде заңнама шарт тоқтатылуының бір негізі ретінде оның бір тарабының қайтыс

болуын қарастыратыны екіні түсінікті болады. Тұрмыстық мердігерлік шартынан туындайтын міндеттемелер күші (ірландылуы) сақталуы бойынша жеке міндеттемелер қатарына жатады (ҚР АҚ 376 Б.). Алайда, оның тоқтатылуының салдары қарапайым (жеке емес) міндеттеме тоқтатылуының салдарына жақын. Сондықтан бір немесе екінші тараптан (тапсырысшының немесе мердігердің) құқықтық мирасқорларының құқықтары мен міндеттері туралы сұрақтың шешілуіне әкеледі. Бұндай көзқарас құқықтық мирасқорлардың заңмен қорғалатын мүдделерін және олардың кейбір мүлктік құқықтарын ескеруге байланысты болып келеді. Шарттың тоқтатылу салдары тиісті тараптың құқықтық мирасқоры мен оның келісімшарт жасасушы агентінің арасындағы келісім бойынша, ал олар келісімге келмесе орындалған жұмыстың мөлшері мен бағасы, жұмсалған және сақталған ма-териалдың құны, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайлар ескеріле отырып сот арқылы айқындалады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, зерттеуге берілген «Тұрмыстық мердігерлік шарты» тақырыбын іздену барысында келтіген мәліметтер жинақталды. Жұмысты жазу барысында тұрмыстық мердігерлік шартының түсінігіне, түрлеріне, элементтері мен нысандарына тоқталдық.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді [14].

Жалпы тұрмыстық мердігерлік шарты мердігердің тұрғындарға қызмет көрсету аясындағы қатынастарды реттейді. Ол арқылы азаматтар бөлшектеп сатып алу-сату шарттарды жасасып иелене алмайтын заттарға иелене алады, сол сияқты тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша олардың нәтижесі зат болып келмейтін жұмыстар орындалады. Мысалы: косметика салондарының шаштараздар, маншалар, шеберханалар және т.б. қызмет көрсетуі осы сипатта болады. Тұрмыстық мердігерлік қатынасында бөлшектеп сатып алу-сату шартына секілді бір тарабы болып тұтынушы қатысады.

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша, тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарты жария шарттарға жатады. Сонымен бірге бұл шарт консенсуалды, өзара және қайтарымды болады.

Тұрмыстық мердігерлік шартының нысанына келетін болсақ, жалпы ереже бойынша егер заң актілерінде немесе шартта, оның ішінде формулярлар ережелерінде немесе тапсырысшы қосатын өзге де стандартты нысандарда басқаша көзделмесе, тұрмыстық мердігерлік шарты мердігердің тапсырысшыға түбіртек немесе шарттың жасалғандығын растайтын өзге құжат берген кезден бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі.

Тұрмыстық мердігерлік шарт мердігердің тұрғындарға қызмет көрсету аясындағы қатынастарды реттейді. Ол арқылы азаматтар бөлшектеп сатып алу-сату шарттарды жасасып иелене алмайтын заттарға иелене алады, сол сияқты тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша олардың нәтижесі зат болып келмейтін жұмыстар орындалады. Мысалы: косметика салондарының шаштараздар, маншалар, шеберханалар және т.б. қызмет көрсетуі осы сипатта болады. Тұрмыстық мердігерлік қатынасында бөлшектеп сатып алу-сату шартына секілді бір тарабы болып тұтынушы қатысады.

Тұрмыстық мердігерлік шарттары ауызша нысанда да жасалуы мүмкін. Және жетон, талон, кассалық түбіртек және тағы басқаларды беруден расталуы мүмкін. Барлық жағдайда да затты дайындауға тапсырыс,

тұтынушының немесе мердігердің эскизі бойынша немесе үлгілері бойынша қабылданады. Оның көлемімен (қол көлемімен) расталатын тұтынушының қалауы бойынша және осы туралы бір уақыттылы мердігермен келісу нәтижесінде үлгілерден және (немесе) жұмыс орындау (зат жасау) технологияларынан ауытқу болуы мүмкін. Бұндай ауытқулар тұтынушының өмірі мен денсаулығына, қауіпсіздігіне және оның мүлкіне, көршілер ортаға зиян келмеуі тиіс [15].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 644-бабына сәйкес мердігер тұрмыстық мердігерлік шарт жасалғанға дейін тапсырысшыға ұсынылатын жұмыстар, олардың түрлері мен ерекшеліктері туралы, жұмыстың бағасы мен оған төленетін ақы туралы, қажетті және сенімді ақпарат беруге, сондай-ақ тапсырысшының сұрауы бойынша шартқа және орындалатын жұмысқа қатысты басқа да мәліметтерді хабарлап отыруға міндетті. Егер жұмыстың сипаты бойынша мұның маңызы болса, тапсырысшыға мердігер оны орындайтын нақты тұлғаны көрсетуге тиіс. Жосарыда аталған міндеттерді орындау үшін жұмысты орындайтын кәсіпорынның қызметі туралы маңдайшасы, заңды мекен жайы мен атауы, жұмыс істеу режимі көрсетілген маңдайшасы керек. Жеке кәсіпкер өзінің тіркелген органы туралы ақпаратты, көрсетілетін қызметтің міндетті талаптарының стандарты туралы ақпаратты және жұмысы сертифициқталғаны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті. Орындалуға жататын жұмыс туралы ақпарат оның түрлері, ерекшеліктері, бағасы және төлеу нысаны туралы) кәсіпорынның тұрақты мекен-жайына тиіс, мысалы уақытша мекен жайда, жылжымалы пункттерде, орынға барып жұмыс істейтін бригадалармен қызмет көрсету жүргізген кезде де ұсынылуға тиіс.

Мердігер жұмысты шартта қарастырылған мерзімде бітіруге тиіс. Тапсырысты орындау мерзімі азаматтық құқықтағы мерзімдерді есептеудің жалпы ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Мерзім жұмыстың орындалып біту уақытымен және жұмысты орындауға кірісу уақытымен анықталынады. Егер тұрмыстық мердігерлік шартында жұмысты бөліп-бөліп орындау қарастырылса, онда шартта әр орындалатын бөліктің мерзімдері көрсетілуі тиіс. Жедел қызмет көрсету нысанындағы жұмысты орындау шартқа сәйкес жүргізілуі мүмкін [16].

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының материалынан орындалатын болса, түбіртекте немесе шарт жасасу кезінде мердігер тапсырысшыға беретін өзге де құжатта материалдың дәл атауы көлемі (саны), сипаты және тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуі тиіс. Түбіртектегі немесе сол сияқты өзге де құжаттағы материалды бағалауға тапсырысшы жазбаша дәлелдемелер ұсыну арқылы кейін сотта дау айтуы мүмкін. Мердігер тапсырысшының берген материалдарының дұрыс пайдаланылуы мен сақталуына жауап береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. “Қазақстан Республикасының Конституциясы” (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 1998 жылғы 7 қазанда ҚР Конституциялық заңымен енгізілген өзгерістері және толықтыруларымен), (соңғы өзгерістер 2007ж 21 мамыр ҚР заңымен енгізілді).
2. Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңы. А., №135-І, 2006. (соңғы өзгерістер 27.12.2009 ҚР заңымен енгізілді).
3. “Жылжытатын мүліктерге келінді тіркеу туралы” ҚР Заңы. 30.06.98.
4. Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» 21.01.1997. Заңы. №67-І. (соңғы өзгерістер 17.07.2009. ҚР заңымен енгізілді).
5. “Ақционерлі қоғамдар туралы” ҚР Заңы. 21.01.97.
6. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі, 2001
7. Істі мәні бойынша қарауды аяқтау, Заң және заман – 2003, N 7
8. Қазақстан Республикасының Құрылыс министрлігінің 30.06.1994ж. №7-5-Қаулыс
9. Көлік және коммуникация министрлігінің 18.01.1998ж. №123-Бұйрығымен бекітілген, жол жұмыстары жайындағы конкурстарды (мердігерлік сандалар) ұйым-дастыру және өткізу тәртібінің ережелері
10. Қазақстан Республикасының Лицензиялау туралы “17.04.1998ж. заңы
8. Төлеуғалиев, Ф. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Алматы – 2001
9. Қазақстан Республикасының Заңы, 1999 ж. І шіңде
10. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Алматы – 1995
11. Гражданское право Республики Казахстан, Алматы – 1999
12. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Жалпы бөлім, Алматы – 2001
13. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Ерекше бөлім, Алматы - 2001
14. Нұрмашев Ү, Нұрмашева Ф. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы, Алматы: «Жеті Жарық», -2009-221 б.
15. Жайың Ф. Азаматтық құқық: I Бөлім, Алматы – 2006
16. Жайың Ф. Азаматтық құқық: II Бөлім, Алматы – 2006